экз. №_____

**«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ**
**Ғылыми кеңес**
**шешімімен бекітілді**
**«29» қыркүйек 2018 ж.**
**№ 2 хаттама**

# «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары

| Лауазымы | Тегі, аты, әкесінің аты | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|
| **ӘЗІРЛЕНГЕН:** | | | |
| Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор м.а. | Алишева А.Т. | | 19.11.18. |
| Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы | Абдрасилова Д.С. | | 19.11.18. |
| **КЕЛІСІЛГЕН:** | | | |
| СМЖ бойынша жауапты маман | Косиди М.С. | | 19.11.18. |

**Астана 2018**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-1-бабының 2-тармағы 10-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылға 30 қазанда бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» №595 бұйрығына сәйкес әзірленген және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір білім беру бағдарламасынан екінші білім беру бағдарламасына, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру жүзеге асырылады.

Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру «Білім туралы» Заңның 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір оқу орнынан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

4. Білім алушы жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтағаннан соң ғана ауыстырылады немесе оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылданады.

5. Білім алушының ауысуы кезінде даярлау бағыты және білім беру бағдарламасының бейіні, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктері ескеріледі.

6. Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде өтінішпен (қосымша 1) қоса, меңгерген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт), Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өткен білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжаттарын ұсынады.

7. Білім алушы ауысуға немесе қайта қабылдануға өтініш білдірген факультет деканаты екі жұмыс күні ішінде академиялық анықтама немесе транскрипт негізінде өткен академиялық кезеңдерде оқыған пәндер/модульдер

(кәсіптік практика) арасындағы академиялық айырмашылықты анықтайды, Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметімен (әрі қарай - Қызмет) келісіледі және аттестаттау комиссиясына тапсырады.

8. Ауысу немесе қайта қабылдау туралы шешімді аттестациялық комиссия қабылдайды. Білім алушыны аттестаттау көрсетілім (Режиссура, Хореография білім беру бағдарламалары бойынша) немесе әңгімелесу (Өнертану және Арт-менеджмент білім беру бағдарламалары бойынша) және транскрипт немесе академиялық анықтаманы қарау түрінде өткізіледі. Аттестациялық комиссия құрамына аттесттациялық комиссия төрағасы болып табылатын Академияның оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, комиссия мүшелері ретінде оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы, факультет деканы, кафедра меңгерушісі кіреді.

9. Аттестациялық комиссия өтінішті берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарастыруы тиіс.

Аттестациялық комиссия отырысы хаттамамен (қосымша 2) рәсімделеді.

10. Аттестациялық комиссия ауысу немесе қайта қабылдау туралы оң шешім шығарған жағдайда өтініш берген тұлғаға жеке оқу жоспары құрылады. Жеке оқу жоспарына білім беру бағдарламасына сәйкес ағымдағы оқу жылының оқу жүктемесі және академиялық айырмашылықты құрайтын пәндер/модульдер (кәсіптік практика) кіреді. Сонымен бірге оқу жүктемесінің жылдық мөлшері 80 академиялық кредиттен аспауы тиіс. Қайта есептелінген пәндер жеке оқу жоспарына енгізілмейді. Жеке оқу жоспары білім алушының жеке іс құжаттарына тігіледі.

11. Қызмет ұсынған мәліметтер негізінде жеке оқу жоспарына сәйкес оқу ақысы сметасын Академияның экономикалық жоспарлау бөлімі есептейді. Жеке оқу жоспары бойынша оқу төлем ақысының құны Академия Басқармасында бекітіледі, бекітілген соң екі күннің ішінде ақылы негізде білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасасу үшін Қызметке беріледі.

12. Қызмет құжаттар пакетін алған күнді қоса есептегенде үш күннің ішінде тиісті бұйрық дайындайды. Бұйрықта білім алушының жеке оқу жоспары бойынша оқитыны туралы жазба, оқытылатын пәндер/модульдер тізімі, олардың көлемі, тапсырылатын емтихан және (немесе) дифференциалды сынақтардың бекітілген мерзімі көрсетіледі.

Бұйрықтың көшірмесі білім алушының жеке іс құжаттарына тігіледі.

13. Ауысқан немесе қайта қабылданған жағдайда білім алушыға қайта есептелінген пәндер туралы тиісті жазба енгізілген жаңа студенттік/магистрлік билет пен сынақ кітапшасы беріледі.

## 2-тарау. Академияға білім алушыларды басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан ауыстыру

14. Білім алушылардың басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан (бұдан әрі – ЖОО) ауысуы, егер білім алушыны қызықтыратын білім беру бағдарламасы бойынша бос орын болған жағдайда ақылы негізде жүзеге асырылады.

15. Білім алушының басқа ЖОО Академияға ауыстыру, оның ішінде бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына жазылған өтініші (қосымша 1) бойынша жүзеге асырылады. Өтінішпен қоса келесі құжаттар берілуі тиіс:

- өтініш берушінің жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;
- транскрипт;
- ҰБТ немесе КТ өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі;
- жоғары білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық түсу емтихандарының нәтижесінің көшірмесі (болған жағдайда); жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасы бойынша мамандық бойынша түсу емтиханы нәтижесінің көшірмесі.

16. Аттестациялық комиссия ауысу туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, ауыстыру процедурасы осы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

17. Қызмет оқу сабақтарына қатысуға рұқсат беру туралы бұйрық шыққан соң үш күннің ішінде бұрын білім алушы оқыған білім беру ұйымына оның жеке іс құжаттарын жіберу туралы жазбаша сұрау жолдайды.

18. Академияның білім алушылары қатарына қабылдау туралы бұйрық білім алушының бұрын оқыған білім беру ұйымынан жеке іс қағаздары алынғаннан кейін шығарылады.

## 3-тарау. Академия ішінде білім алушыларды ауыстыру

19. Академия ішінде білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екінші білім беру бағдарламасына, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру жүзеге асырылады.

20. Білім алушы ауысатын факультетінің деканатына Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына ауысу туралы өтініш (қосымша 3) және бекітілген үлгідегі транскрипт ұсынады.

21. Аттестациялық комиссия ауысу туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, ауыстыру процедурасы осы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

## 4-тарау. Білім алушыларды Академиядан басқа оқу орнына ауыстыру

22. Басқа оқу орнына ауысуды қалаған білім алушы Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына ауысу туралы өтініш (қосымша 4) жазады. Өтініш кафедра меңгерушісімен, тиісті факультет деканымен, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректормен келісіледі, Академия кеңсесі және архив құрылымдық бөліміне өткізіледі.

23. Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының келісімін алған соң, ауысқысы келетін оқу орны басшысының өтініш жазады. Қабылдайтын оқу орнының басшысының атына жазылған өтінішке келесі құжаттар қоса берілуі тиіс:

- транскрипт;
- ҰБТ немесе КТ өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі;
- жоғары білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық түсу емтихандарының нәтижесінің көшірмесі (болған жағдайда); жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасы бойынша мамандық бойынша түсу емтиханы нәтижесінің көшірмесі;
- Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына өтініш.

24. Қабылдаушы оқу орнының білім алушының жеке іс құжаттарын жіберуді сұраған жазбаша сұранысынан соң, Қызмет білім алушыны оқудан шығару туралы Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының бұйрығын дайындайды. Қызмет оқудан шығару туралы бұйрық шыққан соң үш күн ішінде, қабылдаушы оқу орнының мекенжайына білім алушының жеке іс құжаттарын жібереді.

25. Академияда білім алушының транскриптінің көшірмесі, сынақ кітапшасы, студенттік/магистрлік билеті, жіберілген құжаттардың көшірмесі қалады.

## 5-тарау. Академияның білім алушылары қатарына қайта қабылдау

26. Қайта қабылдау кезекті академиялық кезең басталғанға дейін білім алушыны қызықтыратын білім беру бағдарламасы бойынша бос орын болған жағдайда жүзеге асырылады.

27. Білім алушы Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына қайта қабылдау туралы өтініш жазады (қосымша 5). Академиялық анықтама (түпнұсқа) өтінішке қоса беріледі.

28. Білім алушы қайта қабылдануға өтініш білдірген факультет деканаты екі жұмыс күні ішінде академиялық анықтама негізінде өткен академиялық кезеңдерде оқыған пәндер/модульдер (кәсіптік практика) арасындағы

академиялық айырмашылықты анықтайды, Қызметпен келісіледі және аттестаттау комиссиясына тапсырады.

29. Аттестациялық комиссия қайта қабылдау туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, қайта қабылдау процедурасы осы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру бағдарламалары
бойынша білім алушыларды ауыстыру
және қайта қабылдау қағидаларына
1-қосымша

«Қазақ ұлттық хореография
академиясы» КАҚ
ректоры
____________________________
(Аты, тегі)
____________________________
(Білім алушының тегі)
____________________________
(аты, әкесінің аты)
____________________________
(білім алушының байланыс мәліметтері)

Өтініш

Сізден_______________________________________________________________
(ЖОО аты)
«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-қа_____________________________
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)
білім беру бағдарламасы бойынша ақылы түрде ауысу бойынша оқуға қабылдауыңызды сұраймын.

Күні
Қолы

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру бағдарламалары
бойынша білім алушыларды ауыстыру
және қайта қабылдау қағидаларына
2-қосымша

**Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы**

Білім алушы ______________________________________________________________
(білім алушының аты, тегі)
ұсынған ___________________________________________ негізінде ____________________
(құжаттың атауы)
__________________________________________________білім беру бағдарламасы бойынша
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)
келесі пәндер мен модульдер қайта есептелінеді.

| № | Пән/модуль атауы | Кредит көлемі | Қайта есептеуге ұсынылған пән/модуль | Кредит көлемі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |

Келесі пәндер және модульдар қайта есептеуге жатпайды:

| № | Пән/модуль атауы | Кредит көлемі |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

| № | Академиялық айырмашылық | Кредит көлемі |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

Көрсетілім/әңгімелесу қорытындысы:
Қарар:

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: ____________________ ________________
(тегі, аты) (қолы)

Комиссия мүшелері: ____________________ ________________
(тегі, аты) (қолы)

____________________ ________________
(тегі, аты) (қолы)

____________________ ________________
(тегі, аты) (қолы)

____________________ ________________
(тегі, аты) (қолы)

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру бағдарламалары
бойынша білім алушыларды ауыстыру
және қайта қабылдау қағидаларына
3-қосымша

«Қазақ ұлттық хореография
академиясы» КАҚ
ректоры
______________________________
(Аты, тегі)
______________________________
(Білім алушының тегі)
______________________________
(аты, әкесінің аты)
______________________________
(білім алушының байланыс мәліметтері)

Өтініш

Сізден ______________________________________________ білім беру бағдарламасынан
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)
______________________________________________ білім беру бағдарламасына ауысуға рұқсат
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)
етуіңізді сұраймын.

Күні
Қолы

Өтініш

Сізден 20__-20__ оқу жылының ____ семестрінен бастап қазақ оқу тілінен /орыс оқу тілінен орыс оқу тіліне / қазақ оқу тіліне ауысуға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Күні
Қолы

Өтініш

Сізден 20__-20__ оқу жылының ____ семестрінен бастап ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу түріне ауысуға рұқсат етуіңізді сұраймын

Күні
Қолы

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру бағдарламалары
бойынша білім алушыларды ауыстыру
және қайта қабылдау қағидаларына
4-қосымша

«Қазақ ұлттық хореография
академиясы» КАҚ
ректоры

____________________________________
(Аты, тегі)

____________________________________
(білім беру бағдарламасының атауы және шифры)
білім беру бағдарламасының ____ курс

студенті____________________________
(Тегі)

____________________________________
(Аты, әкесінің аты)

____________________________________
(білім алушының байланыс мәліметтері)

Өтініш

Сізден____________________________________________________________
(ЖОО аты)
______________________________________ білім беру бағдарламасы бойынша ауысуға
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)
рұқсат етуіңізді сұраймын.

Күні
Қолы

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру бағдарламалары
бойынша білім алушыларды ауыстыру
және қайта қабылдау қағидаларына
5-қосымша

«Қазақ ұлттық хореография
академиясы» КАҚ
ректоры

_______________________________
(Аты, тегі)

_______________________________
(Білім алушының тегі)

_______________________________
(Аты, әкесінің аты)

_______________________________
(байланыс мәліметтері)

Өтініш

Сізден 20__-20___ оқу жылындағы ______ семестрінің ______________________
(қайта қабылдау күні)
бастап ____________________________________ білім беру бағдарламасы бойынша
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)
_______________________________ қатарына қайта қабылдауыңызды сұраймын.
(студенттер/магистранттар)

Күні
Қолы

# Келісу парағы

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Нусипжанова Б.Н. | Бірінші проректор | | 19.11.18 |
| 2 | Толысбаева Ж.Ж. | Ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректор м.а. | | 19.11.18 |
| 3 | Кесекова Г.М. | Қаржы директоры | | 19.11.18 |
| 4 | Кусаинова Ж.Т. | Экономикалық жоспарлау бөлімінің басшысы | | 19.11.18 |
| 5 | Канетов Н.И. | Хореография факультетінің деканы | | 19.11.18 |
| 6 | Досжан Р.К. | Өнер факультетінің деканы | | 19.11.18 |
| 7 | Есимова Ш.Б. | Кеңсе және архив басшысы | | 19.11.18 |
| 8 | Жакина А.Ж. | Заң бөлімінің басшысы | | 19.11.18 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

## Танысу парағы

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

## Өзгерістерді тіркеу парағы

| Өзгертудің нөмірі | Хабарлама № оның негізінде өзгерту енгізілген | Парақтар саны | Өзгерту енгізген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

## Жіберуді тіркеу парағы

| № | Құрылымдық бөлімшелердің аты | Көшірме саны | Күні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |